

**Жалпы білім беретін мектептер мен балаларды сауықтыру лагерлері
тәлімгерлерінің арасында «Жайдарлы жаз - 2014» тақырыбында
қашықтықтан өткен Республикалық байқаудың
қорытынды есебі**

Жалпы білім беретін мектептер мен балаларды сауықтыру лагерлері тәлімгерлерінің арасында «Жайдарлы жаз - 2014» тақырыбында республикалық байқау 2014 жылғы 24 ақпан – 21 сәуір аралығында балаларға арналған www.ziyatker.kz ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан өткізілді.

Мақсаты: жазғы демалыс кезінде балаларды демалдыру, сауықтыру үшін тиімді жағдай және олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын жан-жақты дамытуды қамтамасыз ететін жаңа инновациялық бағдарламалар, әдістер және технологияларды анықтау.

Міндеттері:

білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға, оны жетілдіруге ұмтылған педагог қызметкерлер мен шығармашыл ұжымдарды анықтау және оларға қолдау көрсету;

балалардың демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибелерді тарату;

балалардың демалысы мен сауықтыру жүйесіндегі инновациялық әлеуеттерін нығайту;

балалардың жазғы демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыру бойынша бағдарламалық-әдістемелік деректер базасын қалыптастыру.

Республикалық байқауға Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептер мен балаларды сауықтыру лагерлерінің тәлімгерлері қатысты.

Байқауға жалпы **20** жұмыс түсті. Байқауға 20 жұмыстың барлығы жіберілді. Байқауға жіберілген жұмыстардың ішінен:

«Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша авторлық бағдарламалар» номинациясында – 7 педагог, оның ішінде 6-ы мемлекеттік, 1-і орыс тілдерінде;

«Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету» номинациясы бойынша – 13 педагог, оның ішінде 6-ы мемлекеттік, 7-і орыс тілдерінде.

Әділ қазылар алқасы құрамы байқауға қатысушылардың барлығы 20 жұмыстарын қарады. Байқауға қатысқан жұмыстар төмендегі критерийлер бойынша бағаланды: мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі, материалдың инновациялығы, бағдарламалық материалдың әдістемелік қамтамасыз етудің толықтығы, бағдарламалы-әдістемелік материалдарды жетілдіру әлеуеті, таңдап алынған әдіс-тәсілдердің педагогикалық негіздемесі, мазмұнды бағдары, әлеуметтік маңыздылық деңгейі, ресурстық қамтамасыз етілуі, жазғы демалыс сұрақтарын жетілдіретін нормативтік құқықтық базасының әдістемелік материалмен сәйкестігі, кәсіпке бағдарлау материалдардың мазмұны, әдістемелік нұсқаулықтың толықтығы мен бүтіндігі.

«Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша авторлық бағдарламалар» номинациясында әділ қазылар алқасының мүшелері төмендегі қатысушыларды жеңімпаз деп белгіледі:

Бас жүлде – Малқаулова Динара Наурызбайқызы, Батыс Қазақстан облысы, «Ақсай қаласы №3 орта мектебі» ММ.

I орын – Имантаева Айжан Әбішқызы, Шығыс Қазақстан облысы, «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-лицей».

II орын – Қыраубаева Гүлшат Қыйғашқызы, Ақтөбе облысы, «№6 орта мектебі» ММ.

III орын – Ермұханова Гүлсара Баянғалиқызы, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе мектеп-гимназиясы.

«Білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету» номинациясы бойынша:

Бас жүлде – Нұржанова Диана Тілеубекқызы, Шығыс Қазақстан облысы, «Камышенка орта мектебі» ҚММ.

I орын – Қамшыбаева Мөлдір Әлібекқызы, Жексенова Әсем Маратқызы, Шығыс Қазақстан облысы, «М. Дәуленов атындағы орта мектебі» ММ.

II орын – Шелудько Лариса Петровна, Солтүстік Қазақстан облысы, «Қызылжар аудандық білім бөлімі» ММ.

III орын – Жанғабылова Шолпан Қабдоллақызы, Цивинская Ирина Александровна, Ахметулина Ғалия Болатқызы, Астана қаласы, «№41 орта мектебі» ММ.

Байқауды ұйымдастырушылар және әділ қазылар алқасы Астана қаласы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарындағы қатысушылардың байқауға жіберген жұмыстарының жоғары деңгейлігін атап өтті.